

«СЕМЬ ГРАНЕЙ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ» – МОДЕРНИЗАЦИЯ ИСТОРИЧЕСКОГО СОЗНАНИЯ

Статья Главы государства Н. А. Назарбаева «Семь граней Великой степи» вызывает огромный интерес, объективно давая понять роль нации в глобальной истории, опираясь на строгие научные факты.

Великий Шелковый путь стал устойчивой платформой для развития глобальной торговли и сотрудничества между народами. История Шелкового пути и в наши дни способствует экономическому процветанию и культурному подъёму в международном масштабе. Современный Казахстан, являясь преемником богатого исторического наследия, во многих сферах деятельности заслуженно занимает ведущие позиции.

Взять, к примеру, Ботайскую культуру, где впервые древним человеком была одомашнена лошадь. Историческая значимость исследований и в том, что именно Казахстан является одним

из главных центров одомашнивания лошади на планете. Изображение конно-знаменосца – наиболее узнаваемая эмблема героической эпохи и особый «культурный код» кочевого мира. И эта давняя традиция – символическая дань той величайшей эпохе, когда на планете господствовал всадник.

В статье Президент пишет и о находках Берельского кургана – Золотого человека, доказывающего использование в великой степи уникальных технологий металлургии и искусства, как основы развития человеческой цивилизации.

История Казахстана является общей для многих проживающих на ее терри-

тории этносов. «Большое значение для истории казахов и других народов Евразии имеет Алтай. Испоконом веков эти величественные горы не просто украшали земли Казахстана, но и являлись колыбелью тюрков. Именно здесь в середине I тыс. н. э. зародился тюркский мир, и наступила новая веха в жизни Великой степи» - отмечает Елбасы.

Идея статьи – это модернизация исторического сознания, бережное отношение к огромному историческому наследию Казахстана. Наша задача – донести до студентов ценности нашей истории, пробудить в сердцах молодежи патриотизм, любовь и стремление честно служить народу.

*А.Р. Рахимкужаева,
преподаватель АКС
при КАУ*



С днем рождения!

*Уважаемый Надир Каримович!
Коллектив Казахско-Американского
Университета поздравляет Вас
с днем рождения и выражает
благодарность за поддержку!
Желаем Вам крепкого здоровья,
благополучия, творческого созидания!*



Педагог с большой буквы!

*Коллектив и администрация АКС
сердечно поздравляют Василия Ивановича Якушенко с 90-летним юбилеем!
Выражаем благодарность за много-
летний и добросовестный труд!*

Окончив десятилетку в Алтайском крае, Василий Иванович приехал в Алма-Ату. В 1946 году поступил на радиотделение Алма-Атинского электротехникума связи. За успешную учебу его зачислили после техникума на физико-математический факультет Университета им.С.Кирова. Окончив вуз с отличием, был направлен в аспирантуру. Однако решил вернуться на работу преподавателем техникума. Коллеги неоднократно избирали его членом партбюро и председателем профкома. Выйдя на заслуженный отдых, связь



с родным коллективом не прерывал, избирался председателем совета ветеранов колледжа.

Василия Ивановича любят и ценят за высокие профессиональные и нравственные качества, за большой опыт и знания в преподавании и воспитании. Как чуткий наставник, он оказывает помощь и поддержку молодым преподавателям в овладении педагогической профессией, учит их практическим навыкам качественного проведения занятий.

От всего сердца поздравляя нашего дорогого ветерана с 90-летием, желаем Василию Ивановичу крепкого здоровья и бодрости духа!

*А.К. Сариева,
представитель профкома АКС
при КАУ*

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» – РУХАНИ ТӘРБИЕ БАСТАУЫ

ҚАУ жанындағы Алматы байланыс колледжі қазақстандық білім беру кеңістігінде өзіндік орны бар, кәсіптік білім беру саласында ұзақ жылдар бойы жемісті еңбек атқарып келе жатқан байырғы оқу орындарының бірі. Колледж байланыс саласы мамандарын даярлаумен қатар, қазіргі заман талабына сай сұранысқа ие мамандар даярлау ісінде табыстарға ие.

Алматы байланыс колледжінде сапалы білім беріліп қоймай, сонымен қатар білім алушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесіне баса назар аударылады. Бұл - жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарлама аясында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылады: тәрбие сағаттары, сайыстар, танымал тұлғалармен кездесулер.

Колледжде қонақта танымал ақындар Дәулетбек Байтұрсынұлы, қазіргі қазақ поэзиясында өзіндік орны бар ақын Саят Қамшыгер, сондай-ақ қаламгер, аудармашы Серік Нұғыман, танымал жас ақын Еділбек Дүйсен болып қайтты. Бүгінгі қазақ прозасы мен поэзиясының



ахуалымен таныстыруда, руханиятпен қауыштыруда осындай кездесулердің білім алушыларға берері мол. Техника мен технологияның дамыған кезеңінде, көркем әдебиетті оқуға деген қызығушылық азайған тұста студент жастар арасында рухани қажеттіліктің маңыздылығын түсіндіруге бағытталған шараларды өткізу Алматы байланыс колледжінің алдына қойған басты міндеттерінің бірі болып қала бермек.

*Л.Е.Карменова
ҚАУ жанындағы АБК оқытушысы*



Абай (Ибрахим) Құнанбайұлы:
«Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті –
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл,
жылы жүрек»

Біздің еліміз ондай қайғы-қасіреттен аман, бірақ болашақта жаңағы өрт ошақтарының туған жерімізді шарпы-масына да кепіл жоқ. Демек, тәуелсіз мемлекетіміздегі бейбіт өмірдің арқатірегі не? Халқымыздың бақуатты тірлігінің іргетасы берік болуы үшін біз не істей аламыз?

Егемендік бұғанасы енді бекіп келе жатқанда мазалайтын сауал көп. Соған орай, көңіл тыншытар жауабымыз да бар.

Ол барлық азаматтардың тең құқылығы және Отанымыздың абыройы үшін жалпы жауапкершілігінен туындайтын – Қазақстандық патриотизм.

Маңыздысы – мемлекеттің және халықтың бірлігі, олардың өзара сенімі және бірігіп жұмыс істеуге дайындығы, елді және оның жетістіктерінен мақтан тұтуы азаматтарымыздың әлеуметтік сенімі мен халықтың рухани бірлігі.

Бұлай дегеніміз жылдан – жылға қарай әрбір қазақстандық ертеңгі күніне, болашағына сенімді болатындай саяси жүйені қалыптастыруымыздың қажеттілігі. Мемлекет дамуының жаңа деңгейінде әрбір азамат өз елінің иесі екендігін сезінуі, барлық оқиғаларға, елдің жеңісіне де, қиыншылықтарының шешілуіне де толыққанды қатысуы.

Отанға деген сүйіспеншілік, өз еліміз үшін мақтанш, өмір сүруді жақсарту үшін ұмтылу мен әрдайым алаңдау және еңбекке деген ерекше көзқарас – біздің өзгермейтін қасиетіміз болуы.

Келешектің жарқын бейнесін құрайтын басты өмірлік құндылық әрбір азамат өзін, өз елімен сәйкестендіруі болып табылады. Бұл ең алдымен, өз Отанымыздың тағдырына жауапкершілік, оның мүддесін қорғауға әзірлік және өз халқымыздың мәдениеті мен дәстүріне деген құрмет.

«Мен Қазақстан Республикасының азаматымын» – деп мақтана білу. Ел үшін, жер үшін қажырлы еңбек ету, еліме, халқыма осы кезеңде, осы уақытта менен не қажет соны мен міндетті түрде өз орнымда іске асырамын деуі. Осылай өзіне аса жоғары талап қоя білу – бұл қазіргі кезеңдегі ұлт патриотының басты ұраны.

Олай болса, ендігісі Сіз бен біздің қолымызда замандас, басты бағыт-бағдар да белгілі: ел-жұрт шаруаға сабырмен білек сыбана кірісіп, айналасына ізетті де мейірімді болғаны абзал. Алты алаштың ұлы перзенті Абай (Ибрахим) Құнанбаевтың асыл мұрасына тағы бір

Қоғамның бір күйден екінші күйге ауысуының, тауқыметі қашанда көп екені мәлім. Ал, біздің кешегі «коммунизм құрылысшыларының» өмірі күрт өзгерді, мұны қатты жылдамдықта келе жатқан көліктің шұғыл кері бұрылуына теңеуге болатындай. Аса

қауіпті бұрылыс... одақтас республикалардың бірқатарында қантөгіске әкеліп соқтырды және ол, тіпті қазір де жалғасуда. Украинадағы соғыс және Армения мен Әзербайжан арасындағы шиеленіс ешкімді де бей-жай қалдырмаса керек.

АБАЙ – КҮНДЕЛІКТІ ӨМІР ШЫРАҒЫ!

зер сала үңілсек, кемеңгер ақын ұлағаты еріксіз тәнті етеді. Келіңіз, Абайға жүгініп көрелік...

«ҰЙЫҚТАҒАН ОЙДЫ КІМ ТҮРТПЕК...»

Қоғамды өзінің ойлы да өнегелі сөздерімен алға бастап, озық елдердің қатарына тарту біртуар қайраткерлердің маңдайына жазылған тағдыр. Халық осындай перзенттерінің жанкешті қажыр-қайратының арқасында ғана жаңа заманға жарамсыз «ескіден» арылып, соны жол, сәулелі биікке бағдар ұстайды. Сол өркениет көшінде халыққа ең керегі не, яки қандай қасиеттер? Елағаларының жаңағы сауалдың жауабын көнігі тамыршыдай тап басып, айналасын жаңалық сәулесімен нұрландыра білуіне сол ел мен жердің болашағы тәуелді. Ұлы Абай бұған ерекше ден қойып, өнегелі өмір мәнін былайша айшықтайды:

**«Ақылды деп, арлы деп, ақпейіл деп
Мақтамайды ешкімді бұ күнде
көп...»**

**Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті –
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы
жүрек»**

(Абай, шығармаларының екі томдық толық жинағы, 2-том, 3-бет).

Ал, келесі өлең жолдарынан алаштың дана да дара тұлғасының қандастарына осылайша терең ғибрат айта отырып, «қалың ұйқыдан» оянуға асықпаған халқының бейқамдығына күйзелген қалпы келеді көз алдымызға:

**«Жүректа қайрат болмаса,
Ұйықтаған ойды кім түртпек?
Ақылға сәуле қонбаса,
Хайуанша жүріп күнелтпек...
Малда да бар жан мен тән,
Ақыл, сезім болмаса.
Тіршіліктің несі сән,
Тереңге бет қоймаса?
Атымды адам қойған соң,
Қайтіп надан болайын?
Халқым надан болған соң,
Қайда барып оңайын?!»**
(сонда, 2-том, 22-23 беттер).

Абай секілді данышпандар туралы кейде «заманынан ерте туған» деп жатады. Біздіңше, ондай нартұлғалар жөнінде «ерте» емес, дер кезінде дүниеге келген десе, жарасады. Олар өздерінің жанашыр сөз, жанкешті істерімен қандастарын алға тартып, бар өмірін осы жолға арнады. Жақын айналасы болмаса, өкінішке қарай, көпшілік замандасының түсінуі де екіталай. Бірақ, біртуар тұлғалар «Ойлы адамға қызық жоқ бұл жалғанда, Көбінің сырты бүтін, іші түтін» деп, толғана отырып та алған беттерінен айнымай, халықты өркениетке үндеумен болады.

**«Бір ғылымнан басқаның,
Бәрі де кесел асқанға.
Өйткен адам жолығар
Кешікпей-ақ тосқанға...
Ғалымнан надан артпас
ұққанменен,
Тағдыр көрмей қоймайды
бұққанменен»**
(сонда, 2-том, 62-63 беттер).

Ұлы далаға осылайша терең тағылым тарата отырып та кемеңгер өз басының өкінішін де жасырмай, бұл өмірде өнер мен ғылымның ғана баянды екені туралы жыр толғап ғана жас ұрпаққа ұлағатты ой салады:

**«Жасымда ғылым бар деп
ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ержеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.
Бұл маңғұм қалмағыма кім жазалы,
Қолымды дөп сермесем, өстер ме
едім?»**
(сонда, 1-том, 45-бет).

Сондықтан қазір де айналасын жақсылыққа үндеп, сөзімен де, ісімен де үлгі боп жүрген ауыл азаматтары туралы жан-жақты жазып, оларды жас ұрпаққа үлгі ету де бұқаралық ақпарат қызметкерлері үшін абыройлы парыз екені айқын.

«ЕҢБЕГІ МЕН АҚЫЛЫҒЫ ЕКІ ЖАҚТАП...»

Абай поэзиясы біздің мәңгілік қазынамыз әрі шамшырағымыз. Бұл, бірақ сандыққа салып қоятын құр мақтанның дүниесі емес. Ұлы ақынның ұлағаты бізбен қоян-қолтық өмір сүреді және әрқашан дұрыс бағдар сілтейді. Ол ғажайып жыр жәуһары тынымыз еңбек пен сабырлы ақыл мәртебесін паш етеді:

**«Ер ісі – ақылға ермек, бойды
жеңбек,
Өнерсіздің қылығы – өле көрмек.
Шыға ойламай, шығандап қылық
қылмай,
Еріншек ездігінен көпке көнбек...
Адамзат тірілікті дәулет білмек,
Ақыл таппақ, мал таппақ, адал
жүрмек.
Екеуінің бірі жоқ, ауыл кезіп,
Не қорлық құр қылжаңмен күн
өткізбек?..»**
(сонда, 1-том, 46-бет).

Жас адамның алдына қойған арман мен мақсатына жетуінің ең тұра жолы «талап, еңбек, ақыл» екенін көрсете және ой сала отырып, ақын аға одан әрі былайша толғанады:

**«Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге...»**

**Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой –
Бес асыл іс, көнсеңіз».**

Өз бойында осы қасиеттерді тәрбиелеп, шыңдай алған жанның еңбегі де жанбақ... Табыс бар жерде сұлу сөз бен сылдыр мадақ та көп және одан бас айналмауыда қиын. Соған орай маңайыңдағылардың қолпаштауына мастанып, масаттанудың ағат екенін хакім Абай мұқият ескертеді:

**«Сенбе жұртқа, тұрса да қанша
мақтап,
Әуре етеді ішіне қулық сақтап.
Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,
Еңбегің мен ақылың екі жақтап
(сонда, 2-том, 13-бет).
немесе
«Ер ісі – ақылға ермек, бойды
жеңбек,
Өнерсіздің қылығы – өле көрмек.
Шыға ойламай, шығандап қылық
қылмай,
Еріншек ездігінен көпке көнбек»**
(сонда, 1-том, 46-бет).

Ұлы ақынның жырынан сусындай отырып, одан біздің тіршілігіміздің де көп түйткілінің сырын ұққандай боламыз. Өтпелі кезеңдегі «сатып ал да, сат» қағидатымен табысқа оңай жолмен әрі тез кенелу сырқаты, өкінішке қарай, соңымыздан өкшелеп қалмай келеді. Осыны да данышпан ақын өз заманында тап басып, өткір сынға алғанын білсек керек:

**«Ұятсынбай, ойланбай,
Қой дегенге тіл алмай,
Іс қылмай ма ол кісі?
Бір-ақ секіріп шығам деп,
Бір-ақ ырғып түсем деп,
Мертігеді, жатады»**
(сонда, 1-том, 66-бет).

Шынында да адамға қашанда ақыл бас болып, әр қадамын жүрекпен таразыласа ғанибет. Абайдың он жетінші қара сөзінде «қайрат, ақыл, жүрек үшеуінің өнерлерін айтысып, таласып келіп, ғылымға жүгінетіні» естеріңізде болар. Сонда «ғылым бұл үшеуінің сөзін тыңдап» болып, былайша түйіндейтіні бар емес пе? «Осы үшеуің бір кісиде менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам – сол. Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы», – депті (сонда, 2-том, 105-бет). Расында да...

«АДАМДЫ СҮЮ... ЖҮРЕК ІСІ»

Абай – жүрегіне Алланы қондырған адам. Туған халқын жан-тәнімен сүйгендіктен сол қазағының жанына батырып айта отырып та тәуелсіздігінен

айырылып, өз басынан еркі кеткен елдің тұманды тағдырына күйзеледі:

**«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың...
Бет бергенде шырайың сондай жақсы,
Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың?..
Бас-басына би болған өңкей қиқым,
Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын?
Өздеріңді түзелер дей алмаймын,
Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың
(сонда, 1-том,49-бет).**

Алайда, сонау бір отарлық езгісі күшейген тұста да ұлы ақын келер күннен күдерін үзбей, бақытты да баянды тұрмыс мәнін үш нәрседен табады. Оның, біріншісі, тірліктің жаратушысы Алла тағалаға деген шәксіз сүйіспеншілік... сосын, әрине адамды сүйіп, әділетке жақ болу. Қазір қарап отырсақ, мынау дүбірлі дүниеде тиянақ тауып, бақытты өмір кешу үшін де адамға ең керегі айналаңдағы замандасқа деген құрмет пен әділет сезімі екен. Осы орайда бұқаралық ақпарат құралдары жұршылықты, шындықты Астанадан іздеуге мәжбүрлейтін бұрмалаушылықтар туралы аз жазбайды. Сонда еріксіз таңданасың, бұл қалай, өзің секілді жаратқанның пендесіне қиянат жасауға дәтің қалай барады? Егер «қолыңнан келсе, қонышыңнан бастың» кебін кисек өмірде не мән қалады? Адамдық өлшемі – әділеттілік, ал азамат парызы сол әділетке жақ болу емес пе! Міне, біздің төл әрі сүйікті газетіміз үшін әділет талабы халық асыға күтетін арналы тақырыптардың бірі болса, құба-құп. Ал, өзіміз зерделей алып, оқырманға үкілеп ұсынатын Ұлы Абай өсиеті мен аманаты қаншама!

ТАҒЫ БІР ЖҮРЕК ІСІ!

Ол туған тіліміз бен салт-дәстүрімізді ардақтай отырып, атамекенде қатар өмір сүріп жатқан өзге ұлттардың өкілдеріне, біздің отандастарымызға қамқор болу, міне қазақтың мемлекет құрушы ұлт ретіндегі абыройлы борышының бірі осы екенін Елбасымыз егемендіктің алғашқы күнінен бастап айтумен келеді және оның жемісін де көрудеміз. Абай мұрасының бір алтын арқауы да осы, тыңдап көрелік:

**«Достық, қастық, бар қызық – жүрек ісі,
Ар, ұяттың бір ақыл – күзетшісі.
Ар мен ұят сынбаса, өзге қылық,
Арын, алқын – күннің мәртебесі»
(сонда, 2-том, 59-бет).**

Әрине, біздің әрқайсымыздың күнделікті атқарар шаруамыз бастан асады... бәрі де тірлік пен адамдық қамы. Сол тоқтаусыз, тынымсыз көште бір сәтке болса да дамыл тауып, халқымыздың біртуар перзенттерінің мұрасына зер салсақ абзал емес пе! Алты алашта дарынды ұл-қыздар баршылық және ондай елін сүйген Ерлерге Ұлы дала ешқашан кенде болмаған. Әлі де ұлы аналарымыз талайын өмірге әкелетіне күмән жоқ. Еліміздің ертең атар таңнан да үміті зор. Олай болса, ұлы ақын ұлағатына әлсін-әлі жүгініп, жақсылыққа талап қып, кең толғанып, терең ойланатын оқырман қауымның азайып кетпеуіне үлесімізді қоссақ, сабыр мен мейірім салтымыз болса нұр үстіне нұр ағайын!

Әділ Несіпбаев,
Абайтанушы, Қазақ-Америка университетінің бірінші вице-президенті, қоғам қайраткері

НАШ ЧЕЛОВЕК НА «Х-ФАКТОР»

– Еламан, насколько изменилась твоя жизнь во время участия на проекте?

– Проект кардинально изменил мою жизнь. Я никогда ранее не жил в таком ритме. Теперь вся моя жизнь на бегу: утром хореография, потом вокал, мастер классы. С каждым днём я все больше развиваюсь и каждый мой день продуктивен. У меня начали появляться поклонники, фан страницы с моим именем в социальных сетях! Люди часто пишут, выражая своё мнение по поводу моего творчества. Есть и хорошее, и плохое. В любом случае, люди реагируют, значит им не все равно, что я делаю!

– Участие на «Х-фактор» было спонтанным решением?

– Я пробовался дважды. Первый раз в 2014 году, но тогда меня не взяли, сказав, что я очень слаб в пении, и если хочу этим заниматься, то должен учиться. За 4 года я «подтянул» свои вокальные данные и пришёл просто попробовать. И меня взяли.

– Не так давно ты окончил обучение в КАУ. Планируешь ли заниматься журналистикой, или выберешь эстраду?

– Я планировал работать по специальности, но понял, что хочу связать свою жизнь с музыкой. Журналистика все равно остаётся моей профессией, послужив хорошей «базой».

Еламан Аяганов, студент КАУ, окончивший обучение в прошлом году, стал одним из финалистов музыкального проекта «Х-фактор», финал которого прошел 29 декабря.



– Скучаешь по студенческой жизни?

– Да, скучаю. Помню, как мы мечтали о том, как все легко и просто у нас сложится после окончания университета. Но оказалось, что все не так просто. Нужно много работать, чтобы чего-то достичь. Скучаю по беззаботности. Скучаю ли я по преподавателям и одногруппникам? Это даже не обсуждается, они для меня – праздник. Я рад, что поступил именно в КАУ.

– Какая твоя самая заветная мечта?

– Раньше я мечтал просто стать артистом. Сейчас понимаю, что для начала надо найти свой стиль в музыке и развиваться в этом направлении. Самое главное - это то, чтобы тебе нравилось то, чем ты занимаешься.

– Если бы ты мог сделать абсолютно счастливым кого-то, то кто это был бы?

– Своих родителей. Они, конечно, гордятся мной. Гордятся тем, чего я достиг. Но мне кажется, что этого недостаточно. Настоящему сделаю их счастливыми, когда найду себя.

Анжелика Кюер,
1 курс «Журналистика»

ӘРБІР ЖАСТЫҢ АРМАНЫ – КӨШБАСШЫ БОЛУ

Қазақ-Америка университеті жанындағы мектеп жыл сайын оқушылардың лидерлік қасиеттерінің қалыптасуына ықпал ететін, өзін-өзі басқаруға арналған «Мектеп көшбасшысы – Президент» сайлауын өткізіп келеді.

Көшбасшы – өз ортасында, қоғамда беделді, белсенді тұлға. Оның басты қасиеттерінің бірі – қасындағы адамдармен қарым-қатынас жасай отырып, өзінің соңынан ертеді. Алдына айқын мақсат қойып, оған жетеді. Аталған қасиеттерімен бірге сенімділік қатар жүреді. Ол өзіне ненің нақты керектігін жақсы білуі керек және оны іске асыру жолындағы қадамдарды алдын ала жоспарлап қояды. Үміткер студенттерге қойылатын басты талап жалпы пәндер бойынша үлгерімі, көшбасшылық қабілеті, дайындаған жобасына сендіре білуі ескеріледі. Бүгінгі жаһандану заманында жастардың көшбасшылық қабілетін шыңдау мақсатында алдыңғы қатарлы дамыған елдердің тәжірибесі қолданылып келеді.



Мектеп лидерін сайлау өте тартысты өтті. Оңаш Айқынбаев, Карима Даутбаева, Константин Нижников және Марат Есенқұлов сынды студенттеріміз өздерін лидерлікке кандидат ретінде ұсынды. Аталған студенттердің барлығы да көпшілік алдында болашақта жүргізер жұмыстарының жоспарымен таныстырды. Әр үміткердің өз көзқарасы, өз ұсынысы бағдарламада айқын да, тиянақты көрсетілген. Олардың бағдарламасын тыңдай отырып, бірінен-бірі асып түсетініне таңданасың! Жас ұрпақтың осынша заман талабына сай жоғары деңгейде дамып келе жатқанына ерекше сүйсінесің! Ал оған қатысуға талпынып, ниет білдіріп жатқан Оңаш, Карима, Марат және Константин сияқты белсенді жастарымыз барда еліміз міндетті түрде үздіктер қатарынан табылмақ!

Осындай жауапты іске мектептің 5-11 сынып оқушылары ерекше жауапкершілікпен атсалысты. Сайлау мектептің жиын залында, жасырын дауыспен өткізілді. Әр сынып кезекпен кіріп, комиссия мүшелерінің алдында өздері таңдаған үміткерге белгі қойып, залдағы арнайы дауыс беру жәшігіне салды.

Комиссия мүшелері: Г.К.Шарипбаева (ҚАУ жанындағы мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары), А.М. Джунуспекова (биология пәнінің мұғалімі) сайлаудың өз деңгейінде өтуін ерекше бақылауда ұстады. Дауыс саны өзге үміткерлерден басым болған 10 сынып оқушысы Карима Даутбаева қатарластарынан озып шықты. Мектеп студенттері мен сабақ беріп жүрген ұстаздары Кариманың осы орынға лайық екенін осылай жеткізді!

Міне, біздің Карима өзіне тән сабырлықпен, көрсе көз сүйсінетін сымбаттылығымен, көпшіліктің қалауымен, үш тілді еркін меңгерген білімділігімен өз ортасының көшбасшысы – ҚАУ жанындағы мектептің Лидері болып сайланды. Елімізде болашағынан үлкен үміт күттіретін осындай жастар көбейе берсін!

Карима, Президенттік мансабың құтты болсын! Бұл тек алар асуыңның алғашқы баспалдағы! Жүргізілетін жұмыстарыңды бойыңдағы адами қасиеттермен ұштастыра біл және бұл тек жақсылықтың бастауы болсын! Құттықтаймыз!

Қ. Ә. Ыстықұл,
ҚАУ жанындағы мектеп



CHRISTMAS MEETING



On December 25, 2018, the celebration of Christmas was organized within the American club. The meeting was attended by students of the first and third years. American club members actively participated in the organization of various entertainment games and music competitions.

The participants of the event discussed the history of the holiday, sang Christmas songs, watched Christmas movies and told each other mysterious stories. Festive treat

was a real American pizza and Coca-Cola. All members of the club made mutual symbolic gifts. Each member of the American club leaving this event was inspired and took a piece of joy and delight home. It was a wonderful time spent on the eve of the Magical Christmas in the walls of the Kazakh-American University.

I. Umarov
Assistant-Professor of KAU

Right to Love

December 8 to 9, at the Altyn Karagaly hotel-sanatorium was held a two-day children's camp on the theme «Russian fairy tales», organized by the PF «Right to Love».

The event was held for children from socially vulnerable families. Volunteers of the project were students of the 1st course, journalism specialties: Avariova Dariya, Oshlakova Nadezhda and Kier Angelika. For children, was organized a special program that included creative activities, classes with a psychologist, a quest, a swimming pool, sports competitions, and of course a concert, also dedicated to Russian fairy tales.

The children, along with their parents, learned the scenes and played fairy tales, by heart recited passages from fairly



tales. The event was held with the support of the consulate of the Russian Federation, and the sponsors were «Raimbek Bottlers», «Apple City Group», Dagestan community of Kazakhstan supported the project too. Maria Makarova previously held a guest lecture for KAU students, and also she is a founder of the PF «Right to Love».

Dariya Avariova,
Nadezhda Oshlakova
Journalism major, 1st year students

Победителем КВН стала ШКОЛА при КАУ

Студенты школы, колледжа и бакалавриата встретились в очередном состязании Клуба веселых и находчивых. В рамках первенства, которое прошло в стенах школы при КАУ, командам предстояло испытать удачу в трех конкурсах: приветствие, домашнее задание и биатлон.



Команда школы при КАУ избрала объектом своих шуток студента, получившего первую стипендию, доктора, халатно выполняющего служебные обязанности, студентов, посетивших международную конференцию. Несмотря на то, что команда школы при КАУ имеет опыт успешного участия в конкурсах КВН, и на этот раз ребята много и усердно готовились. Результатом этого стала очередная яр-

кая победа студентов школы при КАУ в кубке КВН, посвященном Дню Первого Президента Республики Казахстан.

Ежегодно мероприятия такого масштаба привлекают все больше талантливей молодежи. Поздравляя ребят с заслуженной победой, желаем им новых успехов!

Д.Р. Раисов
школа при КАУ



Біздің студентіміз – біздің мақтанышымыз

Сүйінші! Колледж қоржыны тағы бір жұлдеге толықты. ҚАУ жанындағы АБК-ның 18-ОиЭО-1к-1 тобының студенті Бағдулла Бекарыс ҚР Муайтай Федерациясының ұйымдастыруымен Ақтау қаласында өткен балалар және жасөспірімдер арасындағы Муайтай Кубогына қатысып, жүлделі II-орынға ие болды.

Муай-тай – Шығыс жекпе-жегінің кейінгі жылдары әлем арасында қарқынды дамып келе жатқан тай боксы. Спорттың осынау түрі қазақ спортшыларының да соңғы уақытта делебесін қоздырып қана қоймай, шаршы алаңның шаңын қағатын шеберлігіне де тәнті етіп жүргені белгілі. Бақсақ,

«муай-тай» сөзінің өзі «еркін төбелес» немесе «еркін ердің жекпе-жегі» деген мағынаға саяды екен.

Бекарыс Бақытұлын осы жеңісімен шын жүректен құттықтай отырып, әр күнің толағай табыстарға тола берсін демекпіз.

Ә.М.Қалиева,
ҚАУ жанындағы АБК оқытушысы



Конкурс красоты «Queen of University-2019»: открыт набор участниц

Выбор «Queen of University» – традиция, существующая с основания университета. На конкурсе выбирается победительница, которая в течение года будет представлять Казахско-Американский Университет в различных культурных, благотворительных акциях, внутренних мероприятиях кампуса, в рекламных имиджевых роликах.

Срок предоставления анкет - до 1 февраля. Кастинг пройдет 5 февраля 2019 года.

Просим отправлять заполненные анкеты на Whats App +77071093087

Алуа Бейсенкызы,
координатор
Службы адаптации студентов

